

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫ:
ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАР ЖОЛ**

Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары

17 маусым 2011 жыл

**ИСТОРИЯ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ
ДВИЖЕНИЙ: ПУТЬ К НЕЗАВИСИМОСТИ**

Материалы Республиканской научно-теоретической конференции

17 июня 2011 года

Алматы, 2011

ІІІ СЕКЦИЯ

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ В ВУЗАХ И ШКОЛЕ

Кенжебаев Ғ.Қ. Қазақстанның жоғары білім жүйесін реформалау саясаты.....	216
Даутова С.Б. «Исатай - Махамбет» И.Джансугурова в контексте художественно-эстетических исканий в отражении темы национальной независимости.....	220
Урашев С.А., Бексеитова А.Т. Проблемы казахского земледелия в Акмолинской области во второй половине XIX века.....	225
Тулекова М.К. «Нұрлы көш» бағдарламасы арқылы Қазақстандағы көші-қон процесін жаңарту жолдары.....	229
Жұмағұлов Б.С. XX ғ. 20-жылдарындағы Маңғыстау түбегінң экономикалық жағдайы.....	232
Муканов К.М. Сарыарқаны өрт алды. Архивные документы о событиях 1916 года на территории Северо-Казахстанской области.....	236
Балахметова Г.К. Патриотическое воспитание учащихся на примере национально-освободительного восстания 1916 года.....	238
Смаилова Г.К. Влияние исторических факторов на этнодемографические и миграционные процессы в Казахстане в 1870-1970 гг.....	240
Оспанова Р.Р. Ораз Жандосов және 1916 жылғы Жетісудағы ұлт - азаттық көтеріліс.....	243
Дюсебаева Г.К. О «Бунтах солдаток» в Семипалатинской области в годы первой мировой войны.....	246
Қырықбаева Э.О., Сұлтанова Н.Е. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы өмірінің беймәлім тұстары.....	249
Қырықбаева Э.О., Сұлтанова Н.Е. Діни тәрбие – ұлттық тәрбие негізі.....	251
Тулбасиева С.К. XIX - ғасыр мен XX-ғасырдың басы қазақ қоғамындағы азаттық қозғалыстар жайындағы ой-пікірлердің даму тарихы.....	258
Қалиева Е.Т. Орыс баспасөзі отаршылдыққа қарсы күрестердегі діни фактор мәселесі жөнінде.	261
Әбдіғұлова Б.Қ., Астемес Г.К. Тарихты оқыту әдістемесі курсының танымдық - тәрбиелік мәні.....	265
Кудайбергенова Ж.А. Межконфессиональная толерантность в Казахстане	268
Оспанова Б.Р. Тәуелсіздіктің тұғыры мемлекеттік тіл.....	272
Балабекова Н.Е. Лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрес мәселесі мерзімді басылымдарда.....	274
Садықова А.Қ. Қос қарлығаш – Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар.....	277
Исхан Б.Ж. Қазақ тілі мен мәдениеті – біздің мемлекеттілігіміз тұрғызылып жатқан іргетас.....	280
Жанғанатова К.Н. Түбектегі тұз өндірісі.....	283
Бексеитов Ғ.Т., Джарылгасынова Н.Ж. Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихынан.....	286
Қасенов Т.Б. Жастардың бойында патриотизмді қалыптастыруда және дамытуда ұлттық дәстүрлердің алатын орны	288
Какенова Б.К. Жоғары оқу орындарында ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын оқыту барысындағы инновациялық әдістердің кейбір мәселелері.....	290
Беркімбаев А. Абыралы көтерілісі – алашты арқа тұтты.....	294
Меңілбаев Ғ.А. Көне қорымдардың тоналу тарихнамасы.....	297
Ускембаева Г.Ж. Қазақстан халық Ассамблеясы көпэтносты еліміздің тұрақтылығының, бірлігінің ұйытқысы.....	300
Немасипова К.И. Жалпыға бірдей міндетті білім беруді жүзеге асыру.....	303
Тебегенова Э. Тарихшылық пен жазушылық тұтастығының тағылымы.....	308
Жүнісбаев А.Ә. Санжар Асфендияров – қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері.....	310

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Ғ.Т. Бексейтов - *т.ғ.к. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

Н.Ж. Джарылгасынова -

академик Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының ассистенті

Отандық тарихнамада ескерткіштердің, мәдениеттердің кезеңдестірілуі мен хронологиясын анықтау күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Мұны біріншіден, археологиялық ескерткіштердің көптігімен әрі жүйеленбей жатуымен, екіншіден жаратылыстану ғылымдарының мағлұматтарына (радиокоөміртекті мерзімдеу, т.б.) сүйенудің аздығымен, үшіншіден көп жағдайда салыстырмалы типологиялық әдістерге иек арту басым екендігімен түсіндіруге болады. Сондықтан да мәдениеттердің, жекелеген ескерткіштердің хронологиясын анықтауда ғалымдар арасында керағар пайымдаулар ұшырасып жатады. Орталық Қазақстанның керамикасының зерттелуінің басы деп, Нұра экспедициясының 1933 жылғы есебінде пайда болған керамикалық ыдыстардың толық сипатталуын айтуға болады. Онда қыш ыдыстар Оңтүстік Сібірдің Қарасұқ мәдениетінің керамикасына ұқсас екендігі көрсетілген. Керамика Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерін бөліп көрсететін негізгі белгілерінің бірі болып табылады. Қыш өндірісінің техникасы мен технологиясын зерттеуде қызығушылықты М.П. Грязновтың «Орталық Қазақстанның қарасұқ сатысы ескерткіштері» 13 атты мақаласы тудырады. Онда пішіні, өрнегі, бетінің түсі сияқты дәстүрлі ыдыстың сипатталуымен қатар шикізат құрамы органикалық және минералдық қоспалар сияқты, заттардың технологиялық сипаттамасы беріледі. Өрнекті салу, штамптарды сипаттау егжей-тегжейлі қарастырылады.

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының көп жылғы зерттеулерінің нәтижелері «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті», «Беғазы-Дандыбай мәдениеті» 14 атты екі ірі монографияда берілген. Бірінші монографияда зерттеушілер андронов мәдениетінен екі кезеңді: Нұра және Атасу кезеңдерін бөліп қарастарды. Осы кезеңдердің жалпы сипаттары Оралдың арғы жағының феодалов және алакөл мәдениеттеріне жақын. Әрбір кезеңнің өздеріне тән керамикалық заттары бар. Қола дәуірінің соңғы кезеңінің ескерткіштерінің барлығын зерттеушілер «Беғазы-Дандыбай» мәдениеті ескерткіштеріне жатқызады. Ол кезеңнің керамикасының өзінен аумайтын ұқсас түрлері жоқ. Ол қарасұқ керамикасын еске түсіргенімен оның Томск, Минусинск, Жоғарғы Обь типтерінің бір де біреуіне жатпайды. Бұл кейінгі қола дәуірі керамикасының жергілікті жаңа нұсқасы болып табылады. Ыдыстың пішіні мен өрнегіне көп көңіл бөле отырып, зерттеушілер керамикалық өндірістің техникалық және технологиялық мәселелеріне тоқталып кетеді. Бірақ зерттеушілердің бір де біреуі пішіндеудің ленталық тәсілмен жасалатынын айта отырып, оның қандай, шеңберлі немесе спиральді болғанын айта кеткен. Тағы бір маңызды технологиялық белгі – керамиканың шикізат құрамына жеткілікті тоқталмаған. Авторлар шикізаттағы қоспаларды табиғи немесе жасанды деп бөлмеді. Ә.Х. Марғұлан айтқан «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» 11/ атты монографиясында негізгі көңіл керамикасының пішінінің және өрнектерінің өзгертілуіне көңіл бөлген. Бірақ автор пішіні мен өрнектелуі туралы айта отырып, ыдыстың шикізатының құрамы мен түстеріне, жасалу әдісіне көңіл бөліп отырған. Алғаш рет орасан зор керамикалық материалға типологиялық сипаттама беріп, қыш ыдыстарды күйдіретін шеберханаға тоқталып кетті. Дәл осы шеберханаға М.Қ. Қадірбаев Атасу қонысының алты жылдық зерттеуінің қорытындысы ретіндегі мақаласында, Ә.Х. Марғұлан айтқан пешке қоса, басқа да күйдіру құрылыстарына тоқталып кетті.

Керамикалық материал М.Қ. Қадырбаев пен Ж.Қ. Құрманқұловтың «Сары Арқаның көне егіншілері мен кеншілерінің көне мәдениеті» 12/ атты монографиясында айтарлықтай орын алды. Онда қоныстардағы және қорымдардағы керамиканың классификациясы мен типологиясымен қатар, қыш өндірісінің еңбек құралдары да айтылған. 80-жылдардың аяғынан бастап Қарағанды Университетінің қызметкерлері Орталық Қазақстанның қола дәуірі кезеңіндегі керамикалық өндіріс тарихы жөнінде қызықты жұмыстарын жариялады. Дәстүрлі типологиялық классификациядан бас тартпай, олар керамикалық материалдың шикізат құрамы, бет дағын өңдеу, өрнегінің орындалу техникасы, түрлі керамикалық топтардың қатынастары мен олардың мәдени белгілеріне тоқталып кетті.

1930 жылдың өзінде М.П. Грязнов Минусинкінен ерекше Қазақстанның қола дәуірінің қаруларының нақты хронологиясын ұсынды. Барлық қола дәуірінің мәдениетін ол үш кезеңге: ерте, орта, кейінгі деп бөлді. Қазақстан даласын қоса алып жатқан андронов мәдениеті деп алып жүрген үлкен мәдениет орталығы болған дейді автор. Қазақстанның қола дәуіріне сәйкес қарулар екінші

кезеңде пайда болды. 1931-1939-шы жылдары Алексеевк кешенін қазу нәтижесінде алынған үлкен материал андронов мәдениетінің үлкен даму деңгейінің екі сатысын белгілеуге мүмкіндік берді. Қима мәдениетінің бірінші сатысына сәйкес ерте кезеңдегі банка пішіндес ыдыстар мен иығы шығыңқы құмыралар кең таралса, кейінгісінде жапсрмалы белдемшелі кең бүйірлі ыдыстар қолданыста болды.

Андронов үш сатылы кезеңдеулерін 1948 жылы К.В. Сальников ұсынды. Оңтүстік Оралдың арғы бетінің бірегей ескерткіштері Федоров, алакөл қорымдары, кипель, Замараевск қоныстарын және т.б. қоныстарды зерттеу нәтижесінде ол оның дамуының келесі сатыларын бөліп шығарды. Федоров (б.э.д. керамика мың жылдықтың ортасы мен екінші жартысы.), алакөл (б.э.д. XI – IV ғ). Кейіннен жаңа материалдардың жинақталуына қарай берілген хронологияларға өзгерістер енгізді. 1-ші саты федоров (б.э.д. XVIII – XVI ғ), 2-ші саты алакөл (б.э.д. XV – XVII ғ), 3-ші саты замарай (б.э.д. XII – VIII ғ).

Ұлы Отан соғысы өткен соң Қазақ ССР-нің Ғылым Академиясы ұйымдастырған тарих, археология және этнология институты ішінде археология бөлімі ашылды. Археологиялық зерттеулер жоспарлы сипат алды. Алғашқы К.В. Сальников үлгісімен жасаған кезеңдеме бойынша Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінің кезеңдемесі жасалды. Федоров, алакөл, дәндібай мәдениеттері белгіленді. Соңғысы тек қарастырылып отырған территорияға тән болып келді. Ертедегі федоров тобының ескерткіштеріне төрт қорым (Бұғылы – 1, Ақсу-Аюлы, Ақшатау) кіреді. Оның ішінде 19 құрылыстар бар алакөл кезеңіне 14 қорым кіреді. Олардың көбі Атасу өзенінің жоғарғы жағында орналасқан. (Айшырақ-2, Атасу, Былқылдақ 1-3, Беғазы, Қарабие, Қарасай т.б.).

Көп жылдар бойындағы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының далалық зерттеу жұмыстарынан кейін андронов мәдениетінің федоров мәдениетіне ежелгі кезең нұра кезеңі, ал алакөл кезеңіне сәйкес келетін кейінгісі осы кезеңге жататын ескерткіштердің бойында табылған өзеннің атына байланысты атасу кезеңі деп аталды. Федоров және алакөл кезеңдеріне қарағанда нұра кезеңі өліктердің өртелу ғұрпымен ерекшеленеді.

Нұра кезеңінің барлық қорымында федоров қорымына қарағанда жерленгендер цистада қойылған.

Ескерткіштердің ең үлкен тобы андронов мәдениетінің дамыған кезеңі – атасу кезеңіне жатады. Оған дамыған шаруашылық қалайы мен мыстың өңделуінің өсуі және тау-кен жұмыстың кеңейуі тән.

К.А. Акишев қола дәуірінің үшінші кезеңі ретінде Беғазы-Дәндібай мәдениетін бөліп шығарды. Оның материалдары негізінде А.П. Грязнов, С.В. Киселев, О.А. Кривцова-Гракова, М.Н. Коморова Қарасұқ мәдениетіне жақын, жергілікті мәдениетті бөліп шығарады. Ә.Х. Марғұлан Орталық Қазақстанда мыс пен қоланың барлық мәдениеттерінің энеолит ерте орта кейінгі қоланың бір-бірімен табиғи байланысы барын айтады. Және ол Беғазы-Дәндібай мәдениетінің басқа датасын ұсынады. Ә.Х. Марғұлан атасу кезеңінен кейінгі дәуірге өтер кезеңін Айшырақ, Елгезек, Беласар, Беғазы сияқты басқа қорымды қосады. Бүкіл андронов қауымының кезеңдемесін Н.А. Аванесова қайта қарарда. Металл заттарды зерттеу негізінде ол келесі кезеңдемені былай: алакөлге дейінгі кезең – б.э.д. XVII-XVI ғ; андронов мәдениеті – б.э.д. XVI – XIIғ деп ұсынды. Ал андронов мәдениетін алакөл кезеңіне – б.э.д. XVI-XIVғ; қожымберді кезеңіне - XIV – XIIIғ. Федоров кезеңіне б.э.д. XIVғ аяғы - XIII ғ, замарай, беғазы мәдениеті деп бөлді. Автор, біріншіден, алакөл ескерткіштері федоровтікінен ертерек өмір сүрді десе, екіншіден, алакөл ескерткіштерінде Полтавка, Абашы мәдениетінің тайпаларының, керамикалық дәстүрлеріне тән элементтер бар, ерте хронологиялық белгілері байқалады. Үшіншіден, қожымберді керамикасының типін алакөлден федоровқа өтпелі кезеңге жатқызуға болады. Замарай кезеңі туралы оның беғазы-дандыбай ескерткіштеріне сәйкес ерекше археологиялық мәдениетке жатқызу жөніндегі тартысты аяқтауға В.В. Евдокимовтың, Я. Здановичтің, Т.М. Потемкиннің қазба жұмыстары мүмкіндік береді.

Атасу ескерткіштері үш хронологиялық сатыға жатқызылды. Ертедегі сатысына шет пен Ақ-мұстафа қорымдары жатқызылады. Олар алакөл керамикасымен б.э.д. 2 мыңжылдықтың ортасы немесе соңымен уақыты анықталды. Осы кезеңнің ортасына тік бұрышты үйлердің уақыты яғни б.э.д. 2 мыңжылдықтың аяғына жататын атасу қонысы жатқызылды. Соңғы саты б.э.д. 1 мыңжылдыққа жатқызылатын дөңгелек үйлермен байланысты. Соңғы жылдардағы Мыржық, Ақ-Мая, Ақ-мұстафа, Мыржық – 2 қорымдарындағы қазбалар осы негізге қосымша материалдар бере алады. Атасу, Ақ-Мая, Ақ-Мұстафа қоныстарында бұл керамика түрі төртінші Алексеевк тобының қатарында өте сирек кездеседі. Оның және бір аты белдемшелі керамика Беғазы-Дандыбай ыдыстары айтарлықтай көлемде (20 дана), ол барлық ыдыстардың 2 тобынан аспады. Стратеграфиялық сараптамаға келгенде, олардың бірге жатқандығы анықталды. Осында станокты керамикалардың бөліктері табылды.

Сонымен қатар , керамикалық кешендердің Атасу өзенінің жоғарғы ағысында орналасу қатары

мынадай: төменгі қабат алакөл – атасу керамикасы (Мыржық, Атасу, Ақ-Мұстафа қоныстары); екінші топ керамикасы өз кезегінде алексеев - сарғаралық, Беғазы-Дандыбай керамикасы астында жатыр. Онымен бірге станокты ыдыстың, жақсы күйдірілген дұрыс пішінді бөліктері табылды.

Қорыта келгенде Орталық Қазақстанның солтүстігінде негізінен алакөл, атасу керамикалары бар тайпалар тұрды. Олардың жерлеу құрылыстары тік көмілген гранит тақталардың болуымен ерекшеленеді. Сәл кейінірек дамыған қола дәуірінің орта кезеңінде олар федоров - Алакөл керамикасына, дөңгелек немесе тік бұрышты жерлеу құрылыстарына, тас тақталардан жасалған, жиі тік төртбұрышты болып келетін, өлікті цисталарда сақтайтын, жерлеу құрылыстарына ие тайпамен тығыз қатынаста болды. Ол туралы қоныстарда екі түрдің керамикасы бірге болуы, және екі тайпаның жерлеу ғұрыптарына тән молалардың бірге болуы айтады.

Әдебиеттер:

1. Маргулан А.Х. Отчет о работе Центрально Казахстанской экспедиций 1947 г // Изв. АН КазССР. - 1949.
2. Маргулан А.Х. Беғазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1979.
3. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1966.
4. Ж.Қ. Құрманқұлов, Д.С. Байғунаков // Қазақстанның Қола дәуірі. – Алматы, 2008.
5. Евдокимов В.В. Заключительный этап эпохи бронзы Кустанайского Притоболья. // Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстана. Караганда. - 1987.
6. Жилинский Г.Б. Оловоносность Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1959.
7. Жилинский Г.Б. Перспективные оловоносные площади Центрального Казахстана: Материалы по прогнозной карте. - Алма-Ата, 1959.
8. Кузнецова Е.Ф. Тепловодская Т.М. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1994.

ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖӘНЕ ДАМУДА ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Т.Б.Қасенов

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

Қазіргі тарихи дамудың өзгеше жағдайында ұлттық дәстүрлер негізінде патриоттық тәрбие жұмысының маңызы арта түсті. Мұның мәнісі – тоталитарлық жүйе дәуірінде ұлттық деген ұғымның аяқасты болып, жалпықеңестік тәрбие қолдан жасалғандықтан, жеміс бермегендігінде деп санаймыз. Яғни, таптық идеяны ту етіп ұстаған, жалаң ұран, ұлт мүддесіне сай келмегендіктен ешқандай жақсылыққа жеткізбеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жағдайында патриоттық тәрбие мәселелері негізінен ұлттық дәстүрлерге сүйене отырып адамдарға ықпал ету арқылы ғана шешілуі мүмкін. Мұның бірнеше дәйектемелері бар.

Біріншіден, ұлттық дәстүрлер адамдарды халықтың материалдық және рухани мәдениетімен туыстастырады.

Екіншіден, ұлттық дәстүрлер халық зердесінде тарихи құндылықтарды жаңғыртады, ұлттық психология сипаттарын нығайтады.

Үшіншіден, халық зердесіне тарихи құндылықтарды жаңғырта, ұлттық психологияны жетілдіре отырып, ұлттық дәстүрлер адамдарды өз халқына, өз Отанына құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасы халқының жартысынан астамы жиырма бес жасқа дейінгі жастар, олардың өмірлік тәжірибесі аз. Демек, Батыстың тобырлық мәдениеті қаулап құйылып, зорлық-зомбылық, зинақорлық сияқты кесепатты дерттері кеулеп бара жатқанда тәртіпке, парасаттылыққа және рухани ізеттілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы ұлттық құндылықтар, яғни ұлттық салт-дәстүрлер баға жетпес қазына болып табылады.

Адам тәрбиесінде салт-дәстүрлердің алатын орнының маңызды болуының басты шарты-бұл салт-дәстүрлердің рухани-парасат құндылықтары тұрғысынан ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып,